

**Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (MMWG)
5-ші отырысының және LIBOR мөлшерлемесіне өту бойынша
жұмыс семинарының хаттамасы**

2019 жылғы 1 және 2 қазан, Алматы

2019 жылғы 1 қазанда Алматы қаласында Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (КҚБ), «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) 5-ші отырысы болып өтті. Кездесуден кейін 2019 жылғы 2 қазанда ЕҚДБ ұйымдастырған LIBOR мөлшерлемесінің реформасы жөнінде семинар өткізілді.

Отырыс ақша нарығының индикаторларын талқылауға бағытталған іскерлік жағдайда өткізілді.

Күн тәртібіне сәйкес отырыс барысында мынадай мәселелер талқыланды:

I. Жұмыс тобының 4-ші кеңесінің қорытындысы жөніндегі нәтижелер және уағдаластықтар

1. TONIA индексін есептеу әдіснамасын өзгерту туралы келісімге қол жеткізілді. Жаңа әдіснама мөлшерлемелерді бөлу көлемі бойынша орталық 90% сараланған негізде орташа алынған мән ретінде TONIA индексінің есебін қамтиды. Егер транзакциялардың жалпы көлемі 100 млрд теңгеден кем болса, TONIA индексі ҚРҰБ Базалық мөлшерлемесі реформаланған TONIA бойынша спрэдтің орташа мәнін жариялау алдындағы бес күн ішіндегі қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қосу ретінде есептеледі. Сонымен қоса, TONIA индексін есептеу әдіснамасы жыл сайын қайта қарастырылатын болады.
2. ҚРҰБ және ЕДБ өкілдері РЕПО мен своптар үшін өтімділіктің жоспарланып отырған қосымша терезесінің ерекшеліктерін талқылады. Бұл мәмілелер тек қана банктер мен ҚРҰБ-тың арасында жасалатын болады. Мәмілелер жасау ресми дәліз мөлшерлемесіне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

II. ЕҚДБ мәмілелерде TONIA индексін қалай пайдалану туралы презентация өткізді.

II LIBOR мөлшерлемесін реформалау бойынша ЕҚДБ семинары

1. Жұмыс семинарының мақсаты – алдағы уақытта LIBOR мөлшерлемесін пайдаланудың тоқтатылатыны (2022 жылдың басынан бастап) туралы жергілікті нарық қатысушыларының хабардар болуын арттыру, реформаның себептерін және оның кредиторларға да, қарыз алушыларға да әсерін түсіндіру болды. 2022 жылдың басталуы әлі ұзақ

болғанмен, LIBOR мөлшерлемесінен ауыстыру мөлшерлемесіне өту күрделі болуы мүмкін және қазір нарыққа қатысушылар үшін өтуге дайындалу уақыты келді.

2. ЕҚДБ өкілдері
3. (i) LIBOR мөлшерлемесін реформалауға болжамды мөлшерлемелерге (нақты транзакцияларға қарағанда) негізделген, мерзімді нарық негізінде жатқан, LIBOR мөлшерлемесіне сәйкес индекстелетін мәмілелердің төтенше ірі көлемінің (200 триллион АҚШ долларына жуық) жоқ болып кетуін көрсететін базалық бағаны үйлестіру нәтижесінде мүмкін болған ірі қаржылық дағдарыс кезіндегі осы мөлшерлеменен айла-шарғы жасауға және оны басқарудың әлсіз болуына байланысты жанжалдар негіз болғанын, және
4. (ii) LIBOR мөлшерлемесі нақты транзакцияларды көрсететін және қаржылық көрсеткіштер үшін IOSCO қағидаттарына сәйкес әзірленген анағұрлым транспарентті, көрнекі және қатаң бақыланатын бағдармен ауыстырылуға тиіс екенін түсіндірді.
5. ЕҚДБ LIBOR (АҚШ-тағы SOFR, Ұлыбританиядағы SONIA, Еуро аймақтағы ESTER, Швейцариядағы SARON және Жапониядағы TONA сияқтылар) орнына пайдаланылуы күтілетін овернайттың баламалы тәуекелсіз индекстеріне (RFR) шолу жасады, сондай-ақ аудиторияға LIBOR сияқты мерзімдік көрсеткішті RFR овернайтына ауыстыруға болатынын түсіндірді.
6. ЕҚДБ нарық дамуының іргетасы болып табылатын жергілікті банкаралық индекстерге ашықтық пен сенімділікті арттыру мақсатында ЕҚДБ қатысатын елдердің тиісті органдарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

III. Жұмыс тобы отырыстарының қорытындысы бойынша тараптар төмендегілер туралы уағдаласты:

1. ҚҚБ үшін TONIA индексі басқарушының мәртебесін бекіту туралы.
2. ҚҚБ-ға TONIA индексі реформалау жұмысын бастауды ұсынсын. Реформаланған TONIA индексі қолжетімді бола салысымен, оған сәйкес мәмілелерді индекстеуге көшсін.

IV. Жұмыс тобының кезекті отырысын өткізу туралы

1. Тараптар Жұмыс тобының келесі отырысын 2020 жылғы қаңтарда Алматыда өткізуге уағдаласты.
2. Кезекті отырысты өткізудің нақты күні мен өткізу орны қосымша келісілетін болады.